

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 27 қарашадағы № 154-V "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 12 мамырдағы № 23-VII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 мамырда № 4955 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 қыркүйектегі № 136-VII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихаттың 27.09.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы "Ардагерлер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына және аудан әкімдігінің 2021 жылғы 18 ақпандадағы № 18 қаулысына сәйкес, Индер аудандық мәслихаты кезектен тыс IV сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 27 қарашадағы № 154-V "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2803 санымен тіркелген, 2013 жылғы 19 желтоқсанда "Дендер" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

2) көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономикалық даму, бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ш. Альмурзиеев) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

M. Бигамбаев

B. Сапаров

Индер аудандық мәслихатының 2021

жылғы 12 мамырдағы

№ 23-VII шешіміне қосымша

Индер аудандық мәслихатының 2013

жылғы 27 қарашадағы

№ 154-V шешіміне 1 қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігі

№	Атаулы күндер мен мереке күндері	Еселігі
1	Отан қорғаушы күні	Жылyna бір рет
2	Чернобыль атом электростанциясындағы (бұдан әрі – Чернобыль АЭС) апарттың зардабын жою күні	Жылyna бір рет
3	Женіс күні	Жылyna бір рет
4	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні	Жылyna бір рет

Индер аудандық мәслихатының

2021 жылғы 12 мамырдағы

№ 23-VII шешіміне қосымша

Индер аудандық мәслихатының

2013 жылғы 27 қарашадағы

№ 154-V шешіміне 2 қосымша

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлері

№	Әлеуметтік көмек алушылардың санаттары	Атаулы күндер мен мереке күндері	Әлеуметтік көмектің мөлшері, теңге
	1) Ұлы Отан соғысының катысушылары мен мүгедектері;		1 000 000
	2) майдандағы армия белімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін		

	еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол калаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет откерген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және катардағы құрамының адамдары;	100 000
3)	Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол калаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының 5 адамдары;	100 000
4)	Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғаганы үшін" медалімен немесе "	60 000

Коршаудагы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;	
5) Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердегі, геттодардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындар;	60 000
6) бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін (қызметтік міндеттерді) атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігіүі салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдыгуы салдарынан каза болған (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын әрекет етушілердің, осы Заңың 4 – 6-баптарында аталған адамдардың отбасылары;	30 000
7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;	100 000
8) Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедегінің немесе женелдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмagan жұбайы (зайыбы);	30 000
9) 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр	

	аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар.	30 000	
	<p>1) бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кенес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кенесшілерді қоса алғанда);</p> <p>2) оқу жиындарына шақырылған және Ауганстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер;</p> <p>3) Ауганстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жук жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;</p> <p>4) бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауганстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;</p> <p>5) Ауганстандағы кенестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе</p>		

		мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;		
2		<p>6) бұрынғы КСР Одағын корғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауганстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мугедек болған әскери қызметшілер;</p> <p>7) Ауганстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;</p> <p>8) Тәжікстан-Ауганстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын корғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;</p> <p>9) Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде</p>	Отан қорғаушылар күні	100 000

	<p>катысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;</p> <p>10) Таулы Карабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер жөне мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.</p>		
3	<p>1) 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар ;</p> <p>2) 1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушылар қатарындағы, коныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына коныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар;</p> <p>3) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедек болған адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле</p>	<p>Чернобыль АЭС-дагы апатты жою күні</p>	100 000

	алуымен генетикалық байланысты олардың балалары.		
4	Бірінші, екінші, үшінші топ мүгедектері	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні	50 000
5	Мүгедектік тобы белгіленген тұлғаларды қоспағанда, бала мүгедегі	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні	50 000

Аббревиатураны таратып жазу:

АЭС-атом электр станциясы;

КСР-Кеңестік Социалистік Республикалар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК